

Қазігі таңдағы қоғамдық тарихи сана

Тарихи сана әлеуметтік қатынастар жүйесінің күллі саласына әсері мол, сондықтан күрделі саяси-әлеуметтік өзгерістерді бастан кешіп жатқан қоғамымыздың осынау рухани саласын жан-жақты әрі жаңа методологиялық тұрғыдан зерттеудің маңызы күннен-күнге артуда. Қоғамдық тарихи сананы әлеуметтік-философиялық сараптаудың төтенше өзекті болуы, күрделі реформалардан кейінгі алдымыздан кесе-көлденең шығып отырған түйіткілді мәселелерге тікелей байланысты.

Бүгінгі жаһандану заманында көне тарихымыздың қайсыбір кезеңінің тәжірибелеріне жүгініп жатуымыздың себебі де сол - кешегі күрделі тарихи оқиғалардың қазіргі кезеңдегі мәселелермен үндес болуы. Өткен тарихтан тағылым алу мүмкіндігі, әлеуметтік-экономикалық, саяси, моральдық мәселелердің шешімін төл тарихымыздан іздеу қажеттілігі, тарихтағы түрлі оқиғалар мен құбылыстарға деген қызығушылықты арттырып отыр. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына биылғы Жолдауында «Мәңгілік Ел идеясының бастауы тым тереңде жатыр. Осыдан 13 ғасыр бұрын Тоныкөк абыз «Түркі жұртының мұраты – Мәңгілік Ел» деп өсиет қалдырған. Бұл біздің жалпыұлттық идеямыз мемлекеттігіміздің тамыры сияқты көне тарихтан бастау алатынын көрсетеді. Жалпыұлттық идеяны өміршең ететін – Елдің бірлігі. Ауызбіршілік қашқан, алауыздық тасқан жерде ешқашан да жалпыұлттық идеялар жүзеге асқан емес. Қазақстанның шыққан шыңы мен бағындырған биіктерінің ең басты себебі – бірлік, берекесі» - деп сара ойын түйндеген болатын. Түрлі тарихи себептерге байланысты түрлі ұлт өкілдері Қазақстанға жер аударылғаны тарихтан мәлім. Еліміз береке-бірлік пен ынтымақтың мекеніне айналып, дамудың жаңа белесіне көтерілді. Іргеміздегі көрші елдерде орын алған қоғамдық толқыныстар мен төңкерістердің себептеріне үңілетін болсақ, ол елдің азаматтары мемлекет дамуының тарихын әр-қилы қабылдағандығын байқау қиын емес. Оған мысал ретінде ұзақ жылдар бойы тыныштық пен татулық жағдайында дамып келген Украин халқын келтіруге әбден болады. Халық екіге қақ айырылды. Бірі Еуропалық құндылықтар мен дамуды таңдаса, бірі Ресеймен одақтасуды жөн санайды. Украинадағы орыс тілінің статусы мәселесінде де шешілмес түйіндер көп. Осының барлығы жоғарыда айтқанымыздай ортақ қоғамдық тарихи сананың жоқтығының кесірі. Ал мұндай қиын жағдайға душар болып отырған қаншама басқа да елдер бар. Демек, ортақ отан ұғымы қалыптасуы үшін ең алдымен барлық азаматтардың тарихи санасы бірегейленуі шарт. Бұл ой еркіндігін шектеуге шақыру емес, керісінше еліміздегі барлық ұлт өкілдері «Мәңгілік ел» идеясы төңірегіне топтасып, қазақ халқының терең тарихы мен бай мәдениетін ұлықтауға шақыру болар еді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы жаңа қазақстандық социумның қалыптасуы кезеңінде қоғамдық санадағы еліміздің тарихи бейнесі қарқынды, әрі түбегейлі өзгеріп отырды. Егемендік алып етек-жеңімізді жиғаннан кейін елімізде қызу саяси пікірталастар жүрді. Тарихи оқиғалар мен тұлғаларға баға берудегі біржақтылық, белгілі бір саяси топтардың қоғам санасындағы тарихи танымды өзгеше қалыптастыруға талпынуы әлеуметтік қайшылық туғызып, ұлттық құндылықтарға қол сұғушылық деп қабылданды.

Елімізде сирек болса да төбе көрсетіп тұратын әлеуметтік қайшылықтардың рухани-моральдық қыры бар. Бір қоғамдық қатынастар жүйесінен екінші жүйеге өтуде объективті кедергілерден бөлек қоғамның жалпы дүниетанымы оның ішінде тарихи сана ерекшеліктері факторы ескерілуі тиіс.

Қоғамның тарихи санасындағы күрделі өзгерістер мен қайшылықтар түрлі әлеуметтік-гуманитарлық бағытта жүрген ғалымдардың назарын аудартып, жанжақты әрі терең сараптама өзектілігін арттырды. Әлеуметтік-гуманитарлық ілімдердің, жаңа зерттеулік тұжырымдамалардың жаңа сапалық деңгейге көтерілуі қазіргі қазақ қоғамның тарихи санасын әлеуметтік-философиялық тұрғыдан жаңаша сараптауға мүмкіндік беріп отыр.

Сондықтан, сана мәселесін кешенді зерттемей тұрып, ондағы адамдардың әрекетін бағдарлайтын тарихи таным ерекшеліктерін айқындамай тұрып, қазіргі қоғам дамуының заңдылықтары мен болашағын терең түйсіну мүмкін емес.

Басқаша айтқанда қоғамдық сананың қазақстандықтардың әлеуметтік әрекеттеріне әсер етуінің тарихи қырларын, оның динамикасы мен механизмдерін әлеуметтік-философиялық тұрғыдан сараптау қолданыстық маңызы бар өзекті мәселе.

Жақсыкелдинов Жандос Нұрмаметұлы,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің докторанты